

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
07.09.2022 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 07.09.2022 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Әділет министрі Мусин Қанат Сергейұлына беріледі.

МУСИН Қ.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заң жобасы Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауын және Конституцияға енгізілген түзетулерді іске асыру мақсатында әзірленді.

Конституциялық заң жобасының мақсаттары Конституциялық Кеңесті Конституциялық Сотқа қайта құру бөлігінде Конституцияға енгізілген өзгерістерді іске асыру, мемлекеттің құқық қорғау институттарын күшейту, Негізгі заң ережелерінің қатаң сақталуын қамтамасыз ету және азаматтардың конституциялық бақылауға қолжетімділігін кеңейту болып табылады.

Жалпы, конституциялық заң жобасы 3 бөлімнен, 10 тараудан және 68 баптан тұрады.

Жалпы, жобаны екі бөлікке бөлуге болады:

бірінші – Конституциялық Соттың және оның судьяларының мәртебесі, олардың кепілдіктері мен қамтамасыз етілуі, ал екіншісі – конституциялық іс жүргізу тәртібі.

Бірінші бөлім бойынша.

Конституциялық Сот биліктің сот тармағына жатпайтынын атап өткім келеді, өйткені бұл мәселе Конституцияда түпкілікті шешілді.

Конституциялық Сот еліміздің бүкіл аумағында Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ететін орган болады. Ал Конституциялық Сот судьяларының мәртебесі Конституциямен айқындалатын жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар болып табылады.

Заң жобасында Конституциялық Сот судьяларын тағайындау және олардың өкілеттіктерін тоқтату тәртібіне байланысты мәселелер егжей-

тегжейлі регламенттелген. Олардың тәуелсіздігі мен кепілдіктері де бекітілген.

Конституциялық Сот судьяларының жоғары мәртебесін ескере отырып, оларды материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету жөніндегі нормалар енгізілген. Атап айтқанда, сот жүйесі туралы конституциялық заңға ұқсас Конституциялық Сот судьяларының отставкаға шығу институтын енгізу ұсынылады.

Бұдан әрі Конституциялық Сотты қаржыландыру тәртібін, оның аппаратының мәртебесін және осы органның қызметін қамтамасыз етуге байланысты өзге де мәселелерді қамтитын Конституциялық Соттың қызметін ұйымдастыру мәселелері қарастырылған. Сонымен бірге бұл бөлімде Конституциялық Соттың құзыреті және оны жүзеге асырудың ұйымдастырушылық нысандары көрсетілген.

Өздеріңіз білетіндей, Конституциялық Соттың құзыреті Конституцияның 72-бабымен тікелей реттеледі. Мәселен, Конституциялық Соттың құзыретіне сайлауды өткізудің дұрыстығы мәселелерін қарау, Парламент қабылдаған заңдар мен халықаралық шарттардың республика Конституциясына сәйкестігін қарау, сондай-ақ Конституция нормаларына ресми түсіндірме беру жатқызылған, яғни Конституциялық Кеңестің барлық қолданыстағы функциялары Конституциялық Сотқа берілді. Бірақ ең маңыздысы Конституцияға енгізілген өзгерістерге сәйкес Конституциялық Сот азаматтардың өтініштері бойынша олардың құқықтары мен бостандықтарына тікелей тиетін нормативтік құқықтық актілерді Конституцияға сәйкестігін қарайтын болады. Сондай-ақ Конституциялық Сотқа жүгіну құқығы Бас Прокурор мен Адам құқықтары жөніндегі уәкілге берілді.

Конституциялық заң жобасының екінші бөлімі конституциялық іс жүргізуді жүзеге асырудың ерекшеліктеріне арналған.

Бірінші кезекте конституциялық іс жүргізудің жалпы шарттары мен қағидаттары бекітілді. Конституциялық Сотқа жолданатын өтініштердің түрлері, олардың нысаны мен мазмұны айқындалды.

Өз кезегінде конституциялық заң жобасының 46-бабына ерекше назар аударғым келеді, онда азаматтардың Конституциялық Сотқа жүгіну тәртібін белгілеу ұсынылады.

Жалпы, азаматпен дауланып отырған нормативтік құқықтық акт оның қатысуымен жалпы юрисдикция сотында қолданылуы керек деген талапты белгілеу ұсынылады. Бұл норманы белгілеу, ең алдымен, Конституциялық Сот азаматтардың өтініштері бойынша тек олардың құқықтары мен бостандықтарына қатысты нормативтік құқықтық актілерді тексеретіні туралы Конституция нормасын іске асыру үшін қажет.

Конституциялық Сотқа жүгінгенге дейін жалпы юрисдикция сот құралдарын пайдалану туралы шарт көптеген Еуропа елдерінде қолданылатынын атап өткен жөн. Бұл ретте заң жобасында жалпы ережеден басқа ерекшеліктер көздеу ұсынылады. Бұл ерекшеліктер заңнамаға жүгіне

отырып, сот нормативтік актіні өзгеше қолдана алмайтыны болжанғанда қолданылады. Мұндай тәсіл азаматтардың өтініштері бойынша іс жүргізуді толыққанды жүзеге асыруға мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Жалпы, Конституциялық Соттың өтініштерді қарау рәсімі жалпы соттардағы сот ісін жүргізу тәртібінен түбегейлі ерекшеленеді.

Жоба барлық процедуралық және ұйымдастырушылық рәсімдерді барынша жеңілдету қажеттілігін ескере отырып әзірленді.

Конституциялық Соттың өтініштерді қарау тәртібі бес кезеңнен тұратын болады.

Бірінші – Конституциялық Сот аппаратының өтініштерді алдын ала қарауы.

Екінші – конституциялық іс жүргізуге өтінішті қабылдау.

Үшінші – Конституциялық Сот отырысында өтінішті қарау үшін материалдар дайындау.

Төртінші – өтінішті қарау бойынша отырыс өткізу.

Және соңғы кезең – өтініш бойынша түпкілікті шешім қабылдау.

Сондай-ақ жобаға Конституциялық Соттың шешімдерін орындау тетіктері енгізілген.

Осылайша бұл конституциялық заң жобасының негізгі ережелері болып табылады.

Конституциялық заң жобасын қабылдау Конституциялық Соттың қызметі, оған Конституциямен жүктелген өкілеттіктерді іске асыру үшін құқықтық негіздер жасайды деп ойлаймыз.

Бұл сайып келгенде құқықтық жүйені дамытуға, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау кепілдіктерін және елдегі заңдылық режимін нығайтуға ықпал ететін болады.

Баяндама аяқталды.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Баяндама аяқталды. Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Нұрымова Гүлдара Алданышқызы.

НҰРЫМОВА Г.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға арналады.

Заң жобасына сәйкес Конституциялық Соттың құзыретіне жататын мәселелерді қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау конституциялық іс жүргізу тәртібімен жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта нормативтік-құқықтық актілердің заңдылығы бойынша шағымдар Азаматтық-процестік кодекске сәйкес жалпы соттарда қаралады.

Осыған байланысты сұрақтар:

1) Нормативтік құқықтық актілердің заңдылығын даулау туралы талап қою қандай жағдайларда сотқа және Конституциялық Сотқа беріледі?

2) Соттылықтың аражігін ажыратуға қатысты қандай да бір проблемалар туындамай ма? Рақмет.

МУСИН Қ.С. Сұрақтарыңызға рақмет. Өте маңызды сұрақтар.

Қазіргі таңда Азаматтық-процесстік кодекске сай нормативтік-құқықтық актілердің заңдылығы жалпы соттарда тексеріледі.

Конституциялық Соттың ерекшелігі қандай?

Біріншіден, жалпы соттар нормативтік құқықтық актінің тек қана заңға сәйкестігін қарайды, ал Конституциялық Сот Конституцияға сәйкестігін қарайды.

Екіншіден, жалпы соттарда тек қана нормативтік құқықтық актілер тексеріледі, ал Конституциялық Сотта одан басқа заңдар да тексерілетін болады.

Үшіншіден, егер нормативтік құқықтық актінің Конституцияға сәйкестігін тексеру керек болса, онда жаңа айтылғандай, азамат әуелі соттың шешімін алып, содан кейін Конституциялық Сотқа шағымдана алады.

Осындай айырмашылықтары бар.

ТӨРАҒА. Депутат Нұркина Айгүл Қабдешқызы.

НҰРКИНА А.Қ. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Уважаемый Канат Сергеевич! В соответствии со статьей 24 рассматриваемого законопроекта в компетенцию Конституционного Суда входит рассмотрение обращений Генерального Прокурора и Уполномоченного по правам человека в Республике Казахстан.

Предусматривается ли регламентация, в каких конкретных случаях, к примеру, Уполномоченный по правам человека сможет обратиться в Конституционный Суд? И должно ли обращение Омбудсмена в таком случае быть подкреплено обращением в его адрес гражданина или группы граждан? Спасибо.

МУСИН Қ.С. Спасибо за вопросы, Айгуль Кабдушевна.

Согласно законопроекту Уполномоченный по правам человека может обращаться в Конституционный Суд по вопросам защиты прав граждан на предмет проверки нормативных правовых актов и законов Республики Казахстан. При этом право обращения Уполномоченного по правам человека в Конституционный Суд не ограничено какими-то условиями. Уполномоченный по правам человека может обратиться в суд как в связи с рассматриваемым обращением, так и по собственной инициативе.

ТӨРАҒА. Депутат Ожаев Нұрлыбек Жұмахметұлы.

ОЖАЕВ Н.Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым құрметті министр Канат Сергейұлына бағытталады.

Конституциялық заң жобасының 1-бабына сәйкес Конституциялық Сот өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде дербес және тәуелсіз. Соттардың және басқа да мемлекеттік органдардың құзыретіне кіретін өзге мәселелерді барлық жағдайларда анықтаумен және зерттеумен айналыспайтыны түсінікті.

Менің сұрағым жаңағы әріптесімнің сұрағының жалғасы іспетті.

Конституциялық Сот сот деген аты бар мемлекеттік орган ретінде сот билігінің тармағына қатыстылығы жайлы нақты ашып түсіндірсеңіз. Өйткені кешегі іссапардағы сайлаушылармен кездесу барысында, халықтың Конституциялық Сотты сот жүйесіне енетін Жоғарғы Соттың сот актілерін

кайта қарайтын төртінші инстанция ретінде қабылдап, дұрыс түсінбей отырғанының куәсі болдық. Рақмет.

МУСИН Қ.С. Рақмет, Нұрлыбек Жұмахметұлы.

Мен жаңа баяндама жасағанда әдейі атап өткенмін. Заң жобасы бойынша Конституциялық Сот қазақстандық сот жүйесіне кірмейді. Конституциялық Сотты тағы бір жоғары сот инстанциясы деп санауға болмайды. Өйткені Конституциялық Соттың құзыреті басқа. Конституциялық Сот дауларды қарамайды, ол тек қана құқықтық мәселені шешеді. Мысалы, заңның, нормативтік құқықтық актінің Конституцияға сәйкестігін ғана тексереді, тек қана сондай шешім шығарады. Сондықтан Конституциялық Сотқа Жоғарғы Соттың, жалпы, соттың шешімін бұзу құзыретіне кірмеді.

ТӨРАҒА. Депутат Сүлейменова Жұлдыз Досбергенқызы.

СҮЛЕЙМЕНОВА Ж.Д. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Қанат Сергейұлы! Заң жобасының 5-бабына сәйкес Конституциялық Соттың құрамына кемінде қырық жасқа толған, жоғары заң білімі, құқық саласындағы жоғары біліктілігі, мінсіз беделі және заң мамандығы бойынша кемінде он бес жыл жұмыс өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматтары тағайындалуы мүмкін.

Жоғары заң білімі, жұмыс өтіліне байланысты мәселе түсінікті. Бірақ қоғамда қазіргі таңда қызу талқыланып жатқан бұл құқық саласындағы жоғары біліктілік және кіршіксіз, мінсіз бедел туралы келесі сұрақтарға тоқталып өткім келеді.

Бірінші. Құқық саласындағы жоғары біліктілігі қандай критерийлер негізінде анықталады? Үміткерлер үшін құқық саласындағы жоғары біліктілік санатын анықтайтын арнайы бағдарлама қарастырыла ма?

Екінші. Репутациялық институттар енді қалыптасып келе жатқан кезеңде үміткерлердің кіршіксіз беделі қандай механизм және қандай өлшемшарттар арқылы анықталу қарастырылып отыр?

Осы сұрақтарға жауап берсеңіз. Рақмет.

МУСИН Қ.С. Рақмет.

Қазіргі Қазақстан Парламенті заң бойынша Есеп комитеті мүшелерін және Орталық сайлау комиссиясы мүшелерін тағайындайды. Бұл норма бірнеше жылдан бері орындалуда. Сондықтан Парламенттің бұл салада үлкен тәжірибесі бар.

Конституциялық Сот судьяларының үшеуі Сенатпен, үшеуі Мәжіліспен тағайындалады. Кандидаттарға баға беретіндер депутаттардың өзі. Сондықтан кандидаттардың талаптарға сәйкес немесе сәйкес емес екенін бағалап, депутаттар шешім қабылдайды.

ТӨРАҒА. Депутат Еспаева Дания Мәдиқызы.

ЕСПАЕВА Д.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос адресован докладчику.

Уважаемый Канат Сергеевич! Статья 46 проекта Конституционного закона «О Конституционном Суде Республики Казахстан» предусматривает право гражданина на обращение в Конституционный Суд о рассмотрении

нормативного правового акта на соответствие Конституции Республики Казахстан, как и было отмечено в докладе.

При этом гражданин может подать обращение в Конституционный Суд только после прохождения всех стадий судебных инстанций, когда по его делу вынесен судебный акт, вступивший в законную силу.

Скажите, пожалуйста, допускается ли обращение гражданина в Конституционный Суд без соблюдения этих процедур, поскольку прохождение судебных инстанций может занимать значительное время? Если да, то в каких случаях? Пожалуйста, на конкретных примерах, если можно. Большое спасибо.

МУСИН Қ.С. Спасибо за вопрос, Дания Мадиевна.

Проект закона предусматривает два исключения из общего правила.

Первый случай. Конституционный Суд может принять обращение гражданина к рассмотрению, если в соответствующем нормативном постановлении Верховного Суда уже расписано, что нормативный акт, который собирается обжаловать гражданин, нужно применять только таким определенным образом, но никак не другим.

Второй случай – это тогда, когда закон в силу императивности своих норм даже не предусматривает вариантов его иного исполнения. В таких случаях, когда альтернативных способов исполнения закона нет, а также нет возможности для того, чтобы обычный общий суд истолковал эти нормы по-другому, Конституционный Суд может принять заявление гражданина к рассмотрению без предварительного прохождения судебных инстанций.

Если говорить о конкретных примерах, то сложно, конечно, сейчас на ходу воссоздать ситуацию. Допустим, гражданин обжалует некую норму закона, которая носит императивный характер, что именно так, по-другому нельзя. Вот примерно такая ситуация. В таких случаях Конституционный Суд может без предварительного судебного обжалования принять заявление к рассмотрению.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Қанат Сергейұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі депутат Раззақ Нәзилә Раззақбайқызына беріледі.

РАЗЗАҚ Н.Р. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің назарларыңызға конституциялық реформаға арналған өте маңызды заң жобасын ұсынып отырмыз.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында құқық қорғау институттарын дамытуға ерекше назар аударды. Сонымен бірге Конституциялық Сот құру туралы бастама көтеріп, Бас Прокурор мен Адам құқықтары жөніндегі уәкілге осы органға жүгіну құқығын беру қажеттілігін айтқан болатын.

Осыған орай және Жолдауды іске асыру бойынша Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарына байланысты «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заң жобасы әзірленді. Бұл

Конституциялық Сотты құруға және оның қызметіне, сондай-ақ Конституциялық сот ісін жүргізуге қатысты қоғамдық қатынастарды реттейді. Атап айтқанда, Конституциялық Сот судьяларының құқықтық мәртебесі, қалыптастыру тәртібі, олардың қызметі, солармен бірге Конституциялық Соттың құзыреті, оны жүзеге асыру нысандары, сондай-ақ Конституциялық сот ісін жүргізуді орындау тәртібі қаралады. Жалпы алғанда Конституциялық Соттың қызметі және оған жүктелген міндеттерді іске асыруға құқықтық негіздер жасалады. Басты мақсат Конституцияға енгізілген өзгерістерді орындау, құқық қорғау институттарын күшейту, Ата заңдағы ережелердің сақталуын қамтамасыз ету және азаматтардың конституциялық бақылауға қолжетімділігін кеңейту. Бұл халқымыздың мемлекеттік институттарға деген сенімін арттыратын болады.

Құрметті әріптестер, қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нәзилә Раззақбайқызы.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Бекжанов Берік Айдарбекұлына беріледі.

БЕКЖАНОВ Б.А. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! Конституция мемлекеттің негізгі заңы ретінде қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың негіздерін, мемлекеттік органдар жүйесін, олардың құрылуы мен қызметінің тәртібін, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

Негізгі заңның маңыздылығын негізге ала отырып, конституциялық бақылау органдары ерекше рөл атқарады.

Мемлекет басшысы Жолдауда Қазақстанда Конституциялық Сот құру қажеттігін атап өткен болатын.

Конституциялық сот әлемнің 70-тен астам елінде тиімді жұмыс жасауда. Оң халықаралық тәжірибе қалыптасқан. Конституциялық сот ісін жүргізу Негізгі заңның үстемдігін тиімді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қаралып отырған заң жобасы Конституциялық Соттың құрылуына және қызметіне, сондай-ақ сот ісін жүргізуді жүзеге асыруға байланысты қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған.

Заң жобасын қабылдау билік институттарының оңтайлы теңгерімін қамтамасыз етіп, елдің орнықты дамуына ықпал етеді.

Заң үстемдігін орнату, адам құқықтарын қорғау және «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын табысты іске асырудың маңызды факторына айналады деп санаймын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа талқылауға қатысатын депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 98, «дауыс бермеген» – 1, «жақтағандар» – 97. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 97, «дауыс бермеген» – 1, «жақтағандар» – 96. Қаулы қабылданды.



*Дұрыс! Құжаттамамен қамтамасыз ету
бөлімінің сәтін меңгерушісі
Майф Н. Шайғынбаев*